

КӘСІПТІК БАҒДАР ЖҰМЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Нуркенова Г.К.¹, Ю.Гелишли², Мамерханова Ж.М.³

¹докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды,
Қазақстан

e-mail: gulnur24.10.84@mail.ru

²PhD, профессор, Гази университеті, Анкара, Түркия

³п.ғ.к., доцент, «Volashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан

e-mail: mamerhanova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі заманғы кәсіптік даярлау деңгейіне қойылатын талаптардың артуына байланысты кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру мәселесі зерделенген. Зерттеудің мақсаты кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруды ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу болып табылады. Мақалада кәсіптік бағдар, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы ұғымдарының мәні нақтыланған. Жұмыстың ғылыми практикалық мәнділігі кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру бойынша жұмыс мазмұнын өзектілендіру және заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді қолдану мәселесі болып табылады.

Кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне ғылыми теориялық тұрғыдан талдау жасалған. Жоғары сынып оқушыларының кәсіптік бағдар жұмысының жүзеге асырылуының қазіргі жай-күйі мен тәсілдеріне көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнама алынып, оның нәтижесіне талдау берілген. Мәселені жалпы бақылау, сараптау нәтижесіне орай қазіргі жағдайда кәсіптік бағдар жұмысы әлі де өзінің басты мақсатына жете алуда қиындықтарды өткеруде екені анықталған. Зерттеу бойынша алынған нәтижелерге сүйене отырып, авторлар кәсіптік бағдар жұмысының мазмұнын жетілдіру мәселесін алға тартады. Бұл қоғамның сұраныстарына сәйкес келетін тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруынан көрінеді. Кәсіптік бағдар жұмысының сапасын тиісті деңгейге көтеру үшін кәсіптік бағдарлау жұмысының мазмұнын өзектілендіруді басты назарға алу қажет. Зерттеу мәселесінің нәтижесі кәсіптік бағдарлау нысандарын, әдістері мен құралдарын заманауи тәсілдерге сәйкес жүзеге асыру болып табылады.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар, оқушылар, өзін-өзі анықтау, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, компоненттер, қабілеттер, мүмкіндіктер

Негізгі ережелер

Қоғамдың даму қарқынына байланысты кәсіптік даярлау деңгейіне қойылатын талаптар да жаңару үстінде. Кәсіптік даярлықтың жоғары деңгейде болуына әсер ететін бірден бір фактор адамның кәсібін дұрыс таңдаудан бастау алуы. Болашақ кәсібін дұрыс таңдау мәселесі жастардың кәсіби өзін-өзі сәтті анықтауымен байланысты. Жасөспірімнің кәсіби өзін-өзі анықтауының сәтті болуы мектептегі кәсіптік бағдар жұмыстарының ұтымды жүзеге асырылуына байланысты. Сондықтан кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру қажет болып табылады.

Кіріспе

Қазіргі заманғы кәсіптік даярлау деңгейіне қойылатын талаптардың артуы жастарға кәсіптік бағдар мәселелерін өзектілендіре түсуде. Нарықтық қатынастар еңбек сипаты мен мақсаттарын түбегейлі өзгертіп, қызметтің әртүрлі салаларында функционалды бейімделуге қабілетті, өзінің білім беру және кәсіби құндылықтарын дербес жобалай және жүзеге асыра алатын, өмір бойы өзін-өзі дамыта алатын білікті маман дайындауды қажет етеді. Балалар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауы тек педагогикалық ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік мәселе болып табылады. Сондықтан мектепте оқушылар арасында мақсатты кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізуге үлкен көңіл бөлу керек, ол қажеттіліктердің, кәсіби ниеттердің қалыптасуын және жеке тұлғаның жұмысқа дайындығын анықтайтын негізгі компоненттердің бүкіл жүйесін терең білуге негізделуі керек. Бүгінгі таңда кәсіптік бағдар үшін жағдай жасау, кәсіби мүдделерді, бейімділікті анықтауға, белгілі бір кәсіпті игерудің нақты мүмкіндіктерін анықтауға, табысты әлеуметтенуге және еңбек нарығында белсенді бейімделуге көмектесу болып табылады.

Адам өмірінің көп бөлігін жұмыста өткізетін болғандықтан, жұмыс оның мінез-құлқына, өмір салтына, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына және т.б. әсер етеді. Сол себепті де кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі өте маңызды болып табылады. 15-17 жаста жасөспірімнің алдында мамандық таңдау туралы шешім қабылдау міндеті тұратындығы анық. Алайда, бұл жаста бір мамандыққа нақты таңдау жасау әлі де қиын, өйткені, біріншіден, жасөспірімде бұл үшін қажетті өмірлік тәжірибе жоқ, екіншіден, тіпті бұл кезеңде де адам өзін-өзі жаңа тану үстінде болады: «Мен қандаймын?», «Мен кімге ұқсағым келеді, кімге ұқсағым келмейді?», «Маған не ұнайды, не ұнамайды?», «Мен үшін ең жақсы нәрсе не?» және т.б. Осылайша, кәсіби өзін-өзі анықтау жоғары сынып оқушысының өміріндегі басты мәселелердің бірі болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы басты қиындықтардың бірі - жоғары сынып оқушыларының жеке басының ерекшеліктерін мамандық талаптарымен байланыстыра алмауы, жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін нақты білмеуі және мамандық тұрғысынан өзін-өзі талдай алмауы [1].

Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы қиындықтардан сәтті өтуде кәсіптік бағдар жұмыстарының маңызы ерекше. Ал бүгін де мектептердегі жүргізілуі тиіс кәсіптік бағдар іс жүзінде басым көп жағдайларда ресми сипатта қалып, жүргізілген жағдайдың өзінде көбінде мақсатына жетті ма жетпеді ма оған мән беріле бермейді. Сол себепті кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру өте өзекті мәселе болып табылады деп ойлаймыз.

Материалдар мен әдістер

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде кәсіби өзін-өзі анықтау жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асырудың жалпы процесімен тығыз байланысты қарастырылады (К.А. Абульханова-Славская, А.В. Батаршев,

В.П. Бондарев, Е.М. Борисова, Л.С. Выготский, М.Р. Гинзбург, Н.П. Капустин, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, В.Ф. Сафин, Д.И. Фельдштейн және т. б.). Аталған авторлардың еңбектері жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау процесінің маңызды жақтарын зерттеуге мүмкіндік береді.

Жоғары сынып жасы (ерте жастық шақ) бұл 15 жастан 17 жасқа дейінгі жас аралығы, ол мектепте 9-11 сыныптарды қамтиды. Жоғары сынып жасы жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылады, дәл осы жаста «балалық шақтан» «ересек өмірге» көшу жүреді. Жасөспірім енді бала емес, бірақ ересек те емес. Әлеуметтік жағдай тұрғысынан бәрі бұрынғыдай қалады: жасөспірім мектепке барады, ата-анасымен бірге тұрады, құрдастарымен сөйлеседі. Алайда, оның 18 жасында тұлғасында түбегейлі өзгерістер пайда болады, ол болашақ туралы ойлана бастайды, құндылық-семантикалық бағдарлардың, дүниетанымның, пікір дербестігінің белсенді қалыптасуы жүреді, жасөспірім өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтыла бастайды. Бұл кезеңде болашаққа деген жарқын бағыт пайда болады. Олардың пікірінше, олар үшін тартымды мамандықпен тікелей байланысты белгілі бір қызметке деген қызығушылықтары, таңдалған қызмет түрінде жеке жетілдіруге деген ұмтылысы айқын көрінеді. Психологтардың зерттеулері көрсеткендей, тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы өзін-өзі анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Осы жаста мамандық таңдау, Л.С. Выготскийдің пікірінше, бұл тек кәсіби қызметті таңдау ғана емес, сонымен қатар өмірлік жолды таңдау, өмірдегі орынды анықтау, өзін қоғам өміріне түпкілікті қосу, кәсіп пен өмірлік істі анықтау. Өзін-өзі анықтау деңгейінде кәсібін таңдау болашақ мамандықтың және оның ішкі ресурстарының талаптарын түсінуді, саналы түрде қабылданған ниет пен психикалық дамудың жоғары дәрежесі негізінде шешім қабылдауды талап етеді. Бұл жеке тұлғаның мотивациялық қажеттілік саласын реттейтін өзін-өзі анықтаудың жарамды әрекеті. Жоғарыда айтылып кеткендей мамандық таңдау кезінде жоғары мектеп оқушылары бірқатар қиындықтарға тап болады, оларға мамандықтар әлемі туралы білімнің (жалпы мамандық туралы, мүмкіндіктер туралы, оның талаптары туралы) және өзі туралы білімінің (қабілеттер, жеке мүмкіндіктер және т.б.) болмауы; тәжірибесінің жеткіліксіздігін (басынан өткермегендігі) атап өтуге болады. Сондықтан жоғары мектеп оқушылары достарының, таныстарының, туыстарының, ата-аналарының, мұғалімдерінің пікіріне назар аударады.

С.Л. Рубинштейн өзін-өзі анықтауды өмірлік мақсаттар мен жоспарларды таңдауда оның дербестігін анықтайтын жеке қасиеттер арқылы анықтайды [2].

С.Л. Рубинштейннің өзін-өзі анықтау негіздері бойынша ұстанымын К.А. Абульханова-Славская дамытады, ол өзін-өзі анықтауды адамның әртүрлі қатынастар жүйелеріне қатысты ішкі ұстанымын түсінуі ретінде қарастырады [3]. Осылайша, К.А. Абульханова-Славская адамның өзін-өзі анықтауын өмірдің әртүрлі аспектілеріндегі құндылықтарды, көзқарастарды, нормаларды, мотивтерді түсіну қабілеті ретінде сипаттайды. Бұл қабілет интегративті болуы керек, яғни өзара байланысты қабілеттер жүйесінен тұруы керек. Қабілеттердің интеграциясы адамның өзінің ішкі әлемінің тұтас бейнесін түсінуіне ықпал етеді.

К.А. Абульханова-Славскаяның көзқарастарын П.Г. Щедровицкий де қолдап, ол сонымен бірге өзін-өзі анықтауды адамның өзінің мәнін қайта қарау қабілеті ретінде анықтайды [4]. Осылайша, П.Г. Щедровицкий өзін - өзі анықтау тек өзінің мәнін түсіну ғана емес, сонымен бірге ішкі әлемді қайта қарау деп санайды. Біздің көзқарасымыз бойынша да, өзін-өзі анықтау - бұл өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін, өз көзқарастары мен құндылықтарын анықтау.

Е.А. Климов өзін-өзі анықтауды психикалық дамудың көрінісі, жеке даму мүмкіндіктерін белсенді іздеу ретінде зерттейді [5]. Тұлғаның психикалық дамуының көрінісі - бұл оның даму мүмкіндіктерін іздеу нәтижесінде жеке белсенділіктің әсерінен психиканың жаңа өзгерістерінің жинақталуы және пайда болуы. Сондықтан адамның даму мүмкіндіктерін өмірдің әртүрлі аспектілерінде іздеу қажет, бұл таным, білім, хабардарлық және оның дамуын қайта қарау арқылы мүмкін болады:

- Адамның даму мүмкіндіктерін тануы олардың маңызды ерекшеліктерін анықтауға бағытталған танымдық іс-әрекет ретінде әрекет етеді.

- Адамның даму мүмкіндіктерін білуі осы мүмкіндіктердің маңызды ерекшеліктерін талдауға және жүйелеуге бағытталған танымдық іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

- Адамның даму мүмкіндіктерін түсінуі осы мүмкіндіктердің маңызды ерекшеліктерін түсінуге қол жеткізу ретінде әрекет етеді.

- Адамның өзінің даму мүмкіндіктерін қайта қарастыруы өзінің дамуының маңызды мүмкіндіктерін түзетуге түрткі болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, өзін-өзі анықтау ұғымы жеке тұлғаның білімге, санаға деген интегративті қабілетін және қалауы мен мүмкіндіктерін, бейімділіктер мен қабілеттерін қайта қарастыру деп түсінетін боламыз.

Тұлғаның интегративті қабілеті деп біз білім, тану, хабардарлық және ниет пен мүмкіндіктерінің, бейімділіктер мен қабілеттерінің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін өзара байланысты қабілеттер жүйесін түсінеміз.

Өзара байланысты қабілеттер жүйесін қарастыра отырып, Б.М. Теплов[6] ұсынған классификацияға сүйенуге болады: жалпы және арнайы, теориялық және практикалық, оқу, тұлғааралық және заттық-белсенділік.

Жалпы қабілеттер - әр түрлі іс-әрекеттер мен қарым-қатынастардағы қабілеттер (ақыл-ой қабілеттері, есте сақтау, сөйлеу және т.б.).

Арнайы қабілеттер - жекелеген қызмет және қарым-қатынас түрлеріндегі қабілеттер (математикалық, техникалық, спорттық және т.б. қабілеттер).

Теориялық қабілеттер - абстрактілі-логикалық ойлау және теориялық интеллектуалды жұмыс қабілеттері.

Практикалық қабілеттер - нақты практикалық іс-әрекеттерге және практикалық еңбек түрлеріне қабілеттер.

Оқу қабілеттері - білімді, іскерліктерді, дағдыларды игеру қабілеттері.

Шығармашылық қабілеттер - материалдық және рухани мәдениет туындыларын, жаңа идеяларды, жаңалықтарды, өнертабыстарды жасау қабілеті.

Тұлғааралық қабілеттер - бұл тұлғааралық қарым-қатынас қабілеттері.

Заттық қабілеттер - әртүрлі табиғатпен, техникамен, маңызды ақпаратпен, көркем бейнелермен өзара әрекеттесу қабілеттері.

Тұлғаның қабілеттері, олардың түрлеріне және локализациясына қарамастан, оның өзін-өзі анықтауын қалыптастырады.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымы арқылы біз оқушының жеке басының білімге, танымға, санаға деген интегративті қабілеттерін, ниеттері мен мүмкіндіктерін, бейімділіктері мен қабілеттерін болашақ кәсіби жолға байланысты қайта қарауы деп түсінеміз.

Оқушылардың жеке және өмірлік өзін-өзі анықтауы өзара әрекеттесіп, кәсіби, әлеуметтік, моральдық, ұжымдық және т.б. сияқты өзін-өзі анықтаудың басқа түрлерін қалыптастырады, олар өз кезегінде өзара әрекеттесіп, жеке және өмірлік өзін-өзі анықтауды дамытуға негіз болады.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мәнінің негізі:

- тұлғаның танымдық іс-әрекет ретінде әрекет ететін, қалауы мен мүмкіндіктер, бейімділіктер мен қабілеттерінің мәнін анықтауға бағытталған танымға деген интегративті қабілеті;

- адамның білімге деген интегративті қабілеті, ол қалауы мен мүмкіндіктер, бейімділіктер мен қабілеттерді білудің нәтижесі ретінде әрекет етеді;

- тұлғаның санаға, яғни ой қозғалысына деген интегративті қабілеті, ол үшін білім өзінің тілектері мен мүмкіндіктерінің, бейімділіктері мен қабілеттерінің жаңа жақтарын әрі қарай болжанатын кәсіби жолға қайта өңдеудің және игерудің бастамасы болып табылады;

- адамның интегративті қабілетін қайта қарастыру, яғни оның қалауы мен мүмкіндіктерінің, бейімділігі мен қабілеттерінің жаңа қырларын болашақ кәсіби жолға байланысты қайта қарау.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын зерттеу үшін оның құрылымдық компоненттерін бөліп көрсету қажет. Қазіргі уақытта педагогикада кәсіби өзін-өзі анықтау құрылымына қатысты бірыңғай ұстаным жоқ.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау құрылымын анықтау кезінде біз кәсіби өзін-өзі анықтаудың қолданыстағы теориялық және әдіснамалық негіздеріне сүйендік.

Кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымының құрылымын бүгінде әр зерттеуші әртүрлі қарастырады. Зерттеушілердің берген түсініктемелері негізінде кәсіби өзін-өзі анықтаудың құрылымдық мазмұнын ашу үшін бірнеше компонентке бөліп қарастыруға болады.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау ерекшеліктерін зерттеумен байланысты ғылыми еңбектерді талдау барысында А.Г Мұхаметшиннің [7] пікіріне біз де сүйенеміз, ол оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі компоненттерін келесідей анықтады: рефлексивтік, когнитивтік, эмоционалды-еріктік, белсенді-технологиялық, құндылық-мотивациялық, коммуникативтік (1-кесте).

Рефлексивтік компонент жеке тұлғаның рефлексивтік кәсіби бағытын қамтамасыз етеді (қалаулары мен мүмкіндіктер, бейімділік пен қабілеттерді

талдау мүмкіндігі). Рефлексивтік кәсіби бағыт рефлексиялық қасиеттерді көрсететін жеке тұлғаның жалпы бағытына негізделген.

Когнитивтік компонент жеке тұлғаның мағыналы кәсіби бағытын қамтамасыз етеді (болашақ кәсіби қызметтің мазмұны туралы ақпаратты талдай білу, өзін мамандықтардың әртүрлі түрлері мен салаларымен байланыстыра білу). Мағыналы кәсіби бағыт жеке тұлғаның жалпы бағытына негізделеді, бұл болжамды кәсіби қызметтегі өзін-өзі бейнелеуді көрсетеді.

Эмоционалды-еріктік компонент тұлғаның эмоционалды-еріктік кәсіби бағытын қамтамасыз етеді (эмоционалды жағдайларды реттей білуі, еріктік қасиеттердің болуы). Эмоционалды-еріктік кәсіби бағыт эмоцияны, еріктік қасиеттерді көрсететін жеке тұлғаның жалпы бағытына негізделген.

Іс-әрекеттік-технологиялық компонент жеке тұлғаның іс-әрекеттік кәсіби бағытын қамтамасыз етеді (жетілдірілген технологиялар, формалар, әдістер, білім беру мазмұны арқылы материалды игеру мүмкіндігі). Іс-әрекеттің кәсіби бағыты білімнің, іскерліктердің, дағдылардың және олардың кез-келген іс-әрекетте практикалық қолданылуын көрсететін жеке тұлғаның жалпы бағытына негізделген.

Құндылық-мотивациялық компонент тұлғаның құндылық-мотивациялық кәсіби бағытын қамтамасыз етеді (мотивтерді, мақсаттарды, мүдделерді, құндылық бағдарларын және т.б. анықтау мүмкіндігі). Құндылықты ынталандыратын кәсіби бағыт азаматтық ұстанымды, өмірдің мәнін, ондағы орнын, дүниетанымын, өмірлік мұраттарын, құндылықтарын, мотивтерін көрсететін жеке тұлғаның жалпы бағытына негізделген.

Коммуникативтік компонент жеке тұлғаның коммуникативтік кәсіби бағытын қамтамасыз етеді (оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен қарым-қатынас орнату мүмкіндігі). Коммуникативтік кәсіби бағыт коммуникативтік қасиеттерді көрсететін жеке тұлғаның жалпы бағытына негізделген.

Кесте 1 - Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау құрылымының компоненттерінің сипаттамасы

| <i>Компоненттер</i> | <i>Сипаттамасы</i> |
|----------------------------|---|
| Рефлексивтік | тұлғаның тану, түсіну, қайта ойлау қабілеті: - жеке қасиеттері мен сапалары; - ойлаудың рефлексивті компоненттері |
| Когнитивтік | тұлғаның тану, түсіну, қайта ойлау қабілеті: - кәсіби қызмет туралы ақпарат; - болашақ мамандыққа қажетті білім, білік, дағды |
| Эмоционалды қ | тұлғаның тану, түсіну, қайта ойлау қабілеті: - эмоционалды-сенсорлық сала; - эмоционалды жағдай; - еріктік қасиеттер |
| Іс-әрекеттік-технологиялық | тұлғаның тану, түсіну, қайта ойлау қабілеті: - жаңа білім беру технологиялары; - теориялық және практикалық тапсырмаларды шешуге арналған білім, білік, дағды; - зерттеу қызметі |

| | |
|-----------------------|--|
| Құндылық-мотивациялық | тұлғаның тану, түсіну, қайта ойлау қабілеті: - кәсіби қызметті таңдауды алдын-ала анықтайтын факторлар; - мамандық таңдау себептері; - болашақ кәсіби қызметті дұрыс таңдаудың маңыздылығы мен қажеттілігі; - мамандық таңдаудағы жеке маңыздылығы |
| Коммуникативтік | тұлғаның тану, түсіну, қайта ойлау қабілеті: - тұлғааралық қарым-қатынас түрлері: мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы, ата-ана-оқушы; - қарым-қатынас дағдылары |

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының барлық компоненттері оның қалыптасуын қамтамасыз ету үшін үнемі өзара байланыста болуы керек. Қазіргі уақытта оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру осы формацияның мазмұнына, формаларына, әдістері мен құрылымына жаңа тәсілдерді қажет етеді. Осыдан оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына қол жеткізу кәсіптік бағдарлау жұмыстарының нәтижесі болып табылатындықтан, кәсіптік бағдарлау жұмысының мазмұнын қайта қарау қажеттілігі туындайды.

Кәсіптік бағдар тек педагогика мен психологиядан тыс кең ауқымды, мамандық таңдауда шаралар кешенін қамтиды. Кәсіптік бағдар саласындағы классикалық зерттеулер Е.А. Климов, И.С. Кон, А.Е. Голомсток, Н.С. Пряжников, Н.Н. Чистяков, А.Д. Сазоновқа тиесілі.

Е.А. Климов кәсіптік бағдар жұмысының маңыздылығын атап өтті: «Жасөспірімге мамандық әлемінде кең бағдар алуға көмектесу керек. Ол жобаның авторы және өмір жолының құрылысшысы болуы керек» [8].

Н.С. Пряжников кәсіптік бағдар жұмысы бүкіл білім беру процесінің өзегі деп санайды [9]. Бұл кәсіптік бағдар, кәсіби және жеке өзін-өзі анықтауды арнайы ұйымдастырылған сүйемелдеу ретінде түсініледі, бұл оқушыға алдымен не үшін оқитыны туралы сұраққа жауап беруге көмектеседі.

Психологиялық сөздік «кәсіптік бағдарлауды (кәсіптік бағдарлауды) жастарға мамандық таңдауда көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі ретінде» анықтайды [10]. Бұл өз мәні бойынша жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауын, өз мүдделеріне, қалауларына, бейімділіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және әртүрлі профильдегі мамандарға деген қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып, кәсіпті саналы және негізделген таңдауға дайындығын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңында «кәсіптік бағдар - білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру» делінген [11].

Кәсіби өзін-өзі анықтау «кәсіби бағдарлау» ұғымымен тікелей байланысты. Бұл өскелең ұрпақты мамандық таңдауға дайындауға жауапты және оқушылардың бойында әр тұлғаның жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін кәсіби өзін-өзі анықтауды қалыптастыру бойынша әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және медициналық-физиологиялық міндеттер

кешенін шешетін қоғамдық институттардың ғылыми-практикалық қызметінің көп қырлы, тұтас жүйесі және жоғары білікті кадрлардағы қоғамның сұраныстары [12].

Кәсіптік бағдарлауда оқушыларға кәсіби өзін-өзі анықтау «Мен қалаймын», «Істей аламын», «Қажет» деген үштік түсінік негізінде құрастырылған формула бойынша жүзеге асатын.

Болашақ мамандықты адамның қалауы, мүмкіндіктері мен «қоғамдық тапсырыс» өрісінің қиылысында іздеу идеясы қисынды еді. «Мен қалаймын», «Істей аламын», «Қажет» үш шеңбердің қиылысы көптеген жылдар бойы сәтті жұмыс істеді.

Формуланың артықшылығы айқын: ол түсінікті, көрнекі және логикалық негізделген. Бірақ оның өзіндік шектеулері бар. Бұл формула бір уақытта екі маңызды фактор көрсетілген әлем үшін жасалған:

1. Айқын және басым «қажет» бар. Мемлекет жоспар бойынша оған инженерлер, бағдарламашылар немесе құрылысшылар қажет екенін жақсы біледі. Мемлекет оларды жұмысқа орналастыруға дайын.

2. «Қажет» - бұл адамдарға кең ауқымы бар жаппай қолайлы кәсіптер.

Ғасырлар шекарасында экономикалық жүйе өзгерген кезде бұл жүйе сәтсіздікке ұшырай бастады. Мысалы, еліміз тәуелсіздік алған тұста экономистер мен заңгерлер сұранысқа ие болып саналды. Мындаған мектеп оқушылары кәсіби дамудың осы бағыты оларды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ететініне сенімді болды. Алайда сол қарқынмен мектеп бітірушілер жыл сайын осы мамандықтарға баруын тоқтатпады. Соның салдарынан ЖОО аяқтап жұмыссыз жүруге немесе 4 жыл оқыған мамандығы бойынша емес басқа мамандық бойынша жұмыс істеуге мәжбүр болды. Неліктен бұл осылай болды? Жеке бизнес белсенді дамыды, бұл екі мамандық та өте қажет сияқты! Бірақ таңдау формуласы бұл адамдардың барлығына дерлік жұмыс істемеді.

«Қажеттілік ережелері» өзгерді. Жоспарлы экономика нарықтық экономиканың орнына келді, онда «қажет» басқаша жұмыс істейді. Егер бұрын университеттерден инженерлердің, геологтардың, жобалаушылардың қажетті санын шығару жеткілікті болса, бүгінде бұл жеткіліксіз. Қоғамға тек мамандар ғана емес, құзыретті мамандар қажет. Мемлекеттің сандық тапсырысы жеке сектордың сапалы тапсырысымен ауыстырылды.

Жеке компаниялар бір-бірімен белсенді бәсекелеседі. Олардың әрқайсысы кәсіпорынның өркендеуі үшін белгілі бір маманның бос орнын жауып қана қоймай, бәсекелестердің қызметкерінен жақсы жұмыс істейтін адам атқаруы керек болды. Осыдан парадокс пайда болады: жұмыс берушілер көбейгенімен, жұмыс табу қиындай түсті. Нәтижесінде тек дипломдары ғана бар заңгерлер мен экономистер емес, кейінгі жылдары қай салада болсын маманның даярлық деңгейін өлшейтін құзыреттілік ұғымына байланысты, құзыретті заңгерлер мен экономистер қажет болды.

Енді біртіндеп талдап көруге тырысайық: «Мен қалаймын - Істей аламын - Қажет» формуласы не себепті бұрынғы тиімділікпен жұмыс істемей қалды?! «Қажет» деген ұғымға не болды?

Экономика мен прогресс жоспарлау көкжиегін қысқартты. Мемлекет пен нарықтық қоғам 10 жылдан кейін де өзекті болып қалуы үшін мамандыққа өзінің «тапсырысын» тұжырымдай алмайды. Қазір бағдарламашылар қажет делік, бірақ он жылдан кейін бастаушы бағдарламашы бір кездері «сұраныс әлеуеті бойынша» таңдалған мамандық жаппай қажет болмай қалғанын анықтауы мүмкін. Жоғары деңгейлі мамандар әлі де қажет, бірақ «орта деңгейлі адамдар» қажет емес. Сондықтан осыдан қандай салада болсын, ол сол саланың кәсіби құзыретті маманы болуы тиіс деген ой пайда болады. Сонда ол сұранысқа ие болады. Ал қандай маман кәсіби құзыретті болады, егер ол мамандығын сүйіп таңдаса, оған деген қызуғушылығы болса, сонымен қатар қабілеттілігі, бейімділігі болған жағдайда ол өз саласының маманы болуға тырысады. Өзін үнемі кәсіби жетілдіру үстінде болады.

Кәсіптердің «сұраныс әлеуетін» объективті бағалау мүмкін еместігі барлық процестерді автоматтандырумен күрделене түсуде. Бағдарламалар мен роботтар адамдарға қарағанда арзан. Алгоритмдеуге болатын барлық нәрсе «адам» орындаушыларын тез жоғалтады. Бағдарламалар бухгалтерлік есеппен айналыса бастайды, роботтар пайда болады.

Өзгерістерді жеделдететін техникалық прогресс үздіксіз біліктілікті арттыру қажеттілігіне, ал бірқатар кәсіптерде бірнеше жыл сайын толыққанды қайта даярлау қажеттілігіне әкеледі. Кеңес жылдарында білім алған автослесарь, егер ол жаңа көліктермен жұмыс істеуді үйренбесе, заманауи автосервиске орналаса алмайды. Біліктілікті арттыру ертеректен талап етілді, бірақ мұндай қарқынмен және мұндай жиілікте емес. Бұл барлық мамандықтарға қатысты болды. Қалай қайта даярлау керектігін болжау әрқашан мүмкін емес.

«Мен қалаймынға» не болды? «Мен нені қалаймын?» Қанша мүмкіндіктер болса, сонша жаңа кәсіптер бар. 10-11 сынып оқушысы суда Эбру салуды, роботтар жасауды немесе қандай да бір «ғарыш механигі» мамандығын білмеуі мүмкін. Қазіргі уақытта мамандықты таңдаудың түсінікті әлеуеттік-таптық немесе жұмысшы-шаруа модельдерінен айырмашылығы, қол жетімді нұсқалардың саны соншалықты көп, тіпті оларды ойша сұрыптап, өзіңіз үшін сынап көру мүмкін емес. Жеке мәселе - мамандық таңдайтын жасөспірім көбінесе өз қалауын білмейді.

«Істей аламын» дегенге не болды?! Әр оқушы өзінің мүмкіндіктерін, қабілеттерін және медициналық қарсы көрсеткіштерін жақсы көрсетеді деп елестетсе де, оған бұл идеяларды нақты мамандыққа қою өте қиын. Біріншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, мүмкін болатын әрекеттер тым көп. Екіншіден, барлық кәсіптер мен қызмет түрлерін жасөспірімдер үшін жұмбақ «Істей аламын» деп бағалауға болмайды. Мен бағдарламашы бола аламын ба? Сізде бірдеңе бар-жоғын білу үшін оны сынап көру керек. Бірақ көптеген кәсіптерде - хирургиядан мәнерлеп сырғанауға дейін-тіпті «сынамалар» үшін алдымен тақырыпқа терең еніп, ұзақ оқу керек [13].

Сонымен жаңа мамандықтар көбейіп келеді, бірақ олардағы адамдар үшін орындар саны азаяды. Бұл үлкен таңдау мен бәсекелестікке әкеледі. Маман болу жеткіліксіз болады. Көптеген жұмыс берушілер енді кәсіби құзыретті маманды

таңдайды. Егер мындаған бағдарламашылардың орнына роботтарды «басқаратын» ондаған адамдар қажет болса, онда бұл ондаған адамдарға тек қажетті біліктілікке ие емес, сонымен қатар өз ісін жақсы көретін, еңбекқор, көптеген қосымша құзыреттерге ие және тіпті байланысты мамандықтар кіреді. Осыған орай аталған формуланы біз қоғам дамуына орай тұлғалық сапалық талдаулардың өзгеруіне байланысты төмендегідей керісінше етіп өзгертуді ұсынып отырмыз.

«Мен қаламаймын» - аталған кәсіп сұранысқа ие болса да, мен бұл кәсіпті қаламаймын. (Жақсы жалақы үшін де бұл кәсіп түрімен айналыспаймын). Мысалы: «Маған саясатқа қатысты мәселелермен айналысуды қаламаймын». «Мен бірқалыптылықты талап ететін жұмысты қаламаймын». «Мен қатаң кесте мен регламент бойынша жұмыс істеуді қаламаймын», «Мен мемлекеттік қызметкер болуды қаламаймын», «Мен балаларды оқытуды қаламаймын».

«Істей алмаймын» - мұнда әр оқушы әдетте қиялға беріледі, жеке даму траекторияларына байланысты елестетеді: өзіне ұнайтынды айтқаннан негізінде ұнамайтын нәрсені айту оңайырақ. Мысалы, «Мен күн сайын бір нәрсені жасай алмаймын». «Мен техникалық құрылғылармен жұмыс істей алмаймын». «Мен есеп жұмыстарымен айналыса алмаймын». «Бір жерде отыратын жұмыспен айналыса алмаймын». Ескерту: осы тұста мұғалім тарапынан түсіндіру, ағартушылық жұмыс қажет. Бүгінгі күні болмайтын көрсеткіштер өзгеруі мүмкін екенін. Білім, дағдылар, іскерліктердің қалыптасуы негізінде адам өзгереді. Бұрын істей алмайтынды, жоғары деңгейде істейтін бола алады.

«Маған болмайды» - мүмкін емес (медициналық қарсы көрсеткіштер және кейбір салаларда қабілеттіліктердің болмауы). Мысалы, «Денсаулық жағдайына байланысты ауыр физикалық күшті қажет ететін жұмыс болмайды».

Жоғары сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар жұмысы үш негізгі бағыт бойынша белсенді жүзеге асырылуы тиіс:

- 1) кәсіптік ағарту – жоғары сынып оқушыларын кәсіптер әлемімен таныстыру;
- 2) кәсіптік диагностика – кәсіптік бағдарлау мақсатында оқушылардың жеке басын зерделеу;
- 3) кәсіптік кеңес беру – кәсіптік кеңесшінің қатысуымен болашақ мамандықты жобалау.

Кәсіптік бағдар жұмысы оқушылармен барлық педагогикалық жұмыстың табиғи жалғасы болып табылады және белгілі бір мағынада оның логикалық аяқталуы болып табылады. Оқушыға мамандық таңдауда толыққанды көмек көрсету оған оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға көмектеседі [14].

Кәсіптік бағдар жұмысы сабақта да, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылуы мүмкін. Іс жүзінде барлық оқу пәндері оқушыларды әртүрлі кәсіби іс-шаралар туралы хабардар ете алады. Сабақта мұғалім оқушыларға мамандықтар туралы белгілі бір білім беруі керек; кәсіптердің әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жақтарын ашу; оқушыларға таңдалған кәсіптерді игеру жолдары туралы хабарлау; құндылық бағдарларын, тұрақты кәсіби қызығушылықтар мен мамандық таңдау мотивтерін қалыптастыру. Сабақтағы кәсіптік бағдар

жұмысының сәттілігі көбінесе мұғалімнің кәсіптік бағдар материалын бағдарламалық жасақтамамен байланыстыру қабілетіне, жоғары сынып оқушыларының белгілі бір қызмет түріне, оның білімі мен оқыту әдістерін меңгеруіне оң көзқарасын қалыптастыруға байланысты. Сабақтан тыс уақытта белгілі бір кәсіп өкілдерімен әңгімелер, экскурсиялар, кездесулер ұйымдастыруға болады.

Мектептің кәсіптік бағдар жұмысындағы маңызды буын ата-аналармен жұмыс болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері көбінесе олардың жеке жетілмегендігінің салдары болып табылады, оның негізінде отбасылық тәрбиенің қиындықтары жатыр - ата-аналардың ересек балаларға қатысты өз міндеттерін түсінбеуі, ата-аналардың авторитарлық қысымға және гиперқамқорлыққа бейімділігі, бұл тұлғаның дамуына кедергі келтіреді және ең бастысы кәсіби өзін-өзі анықтауға кедергі келтіреді. Ата-аналар әдетте балаларының өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауға белсенді қатысады. Сонымен қатар, мамандық таңдау және білім беру жолдарын анықтау мәселелері оқушылардың өздері үшін де, олардың ата-аналары үшін де қиын міндет болып табылады. И.С. Кон [15] атап өткендей, ата-аналардың тікелей психологиялық қысым жасау арқылы кәсіби өзін-өзі анықтау процесін жеделдету, мәжбүрлеу әрекеттері, әдетте, теріс нәтиже береді, бұл балаларда мазасыздықтың жоғарылауын тудырады, кейде кез-келген өзін-өзі анықтаудан теріс бас тартады, ештеңе таңдағысы келмейді. Ата-аналардың «дұрыс» таңдау туралы идеялары көбінесе нақты өмірден артта қалады және ел дамуының өткен әлеуметтік-экономикалық кезеңдерімен көбірек байланысты. Мұның себебі еңбек нарығында көптеген жаңа мамандықтардың пайда болуында. Ата-аналар әрдайым балалардың қызығушылықтары мен қабілеттерін біле бермейді және объективті түрде бағалай бермейді. Көбінесе олардың кеңестері белгілі бір кәсіптің «беделіне» негізделген. Көбінесе қазіргі жасөспірімдердің ата-аналары өзгерген жағдайда өмір сүрудің оң тәжірибесіне ие емес, жалпы сәтсіздікке ұшырайды. Қазіргі жасөспірімдердің ата-аналары ертеңгі күнге қандай құндылықтар сәйкес келетінін болжап қана қоймай, сонымен қатар өз балаларына өздері ұстанбайтын және оларды әрдайым толықтай қабылдай алмайтын құндылық-нормативтік модельдерді беру қиынға соғады. Осыған сүйене отырып, оқушылардың ата-аналарымен де кәсіби бағдар беру жұмысы өте қажет.

Кәсіби өзін-өзі анықтауды қалыптастыру мақсатында жүргізілетін кәсіптік бағдардың қазіргі таңдағы іске асырылуының жай-күйіне оқушылардың көзқарастарын зерттеу мақсатында 2023 жылдың ақпан айында google формасы негізінде бастапқы ақпаратты жинау ретінде әрекет еткен сауалнама әдісін жүргіздік.

Сауалнама Қарағанды қаласының және облыс көлеміндегі аудан орталықтарының жоғары сынып оқушыларына жүргізілді (2-кесте).


Кесте 2 - Сауалнамаға қатысушылардың саны

| Қатысшылар | Қатысушылардың саны (9,10,11 сыныптар) |
|---|--|
| Қарағанды қаласындағы ЖББМ қатысқан білім алушылар | 395 |
| Облыс көлеміндегі аудан орталықтарындағы ЖББМ қатысқан білім алушылар | 175 |

Сауалнаманың мақсаты кәсіби өзін-өзі анықтауды қалыптастыру мақсатында жүргізілетін кәсіптік бағдарлаудың қазіргі таңдағы іске асырылуының жай-күйіне оқушылардың көзқарастарын анықтау.

Нәтижелер

Жоғары сынып оқушылары кәсіптік бағдарды қалай түсінетініне байланысты сауалнамаға қатысқандардың 36,8%-ы мамандық таңдауға көмектеседі деген пікірді ұстанса, ал 42,7% - ы кәсіптер туралы жалпы ақпараттарды береді деген жауап нұсқасын таңдады, қалған 19,9% - ы кәсіптік өзін-өзі анықтауға ықпал етеді, ал қалған 0,6% - ы білмеймін деп жауап берді. Қойылған сұраққа алынған жауаптан көріп отырғанымыздай, оқушылардың басым көпшілігі кәсіптік бағдар ұғымын толық түсінбейтінін байқай аламыз.



Сурет 1 - Жоғары сынып оқушылары «кәсіптік бағдар» ұғымын түсіну көрсеткіші

«Сіз мектепте кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу маңызды деп санайсыз ба?» деген сұраққа оқушылар келесідей пікір қалдырды: оқушылардың 87,7% - ы «иә», 11,1% - ы «жоқ», ал қалған 1,2% - ы «кейде» деп жауап берді.




Сурет 2 - Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының маңыздылығы

«Менің болашақ мамандығымды таңдауға әсер етеді» деген сұраққа келесі жауаптар алынды: менің мүмкіндіктерім, қабілеттерім және жеке ерекшеліктерім - 61,4%; ата-анамның пікірі-11,7%; менің қызығушылықтарым, бейімділіктерім, сенімдерім, құндылықтарым-56,1%; достарымның пікірі немесе таңдауы - 1,2%; жауап беруге қиналамын-1,8%. Алынған жауаптардан көріп отырғанымыздай, оқушылардың болашақ мамандығын таңдауға ата-аналардың пікірі әсер етеді. Сондықтан кәсіптік бағдар процесінде оқушылардың тек өздерімен ғана емес, ата-аналарымен де ағартушылық жұмыстың назардан тыс қалдырылмауы маңызды.



Сурет 3 - Оқушылардың пікірі бойынша болашақ мамандығын таңдауға әсер ететін факторлар

Оқушылардан мектептерде кәсіптік бағдарлаудың қандай түрлері жүргізіледі деп сұрағанда, келесідей нәтижені көрсетті: ашық есік күндері-41,5%, кәсіптер жәрмеңкесі-19,3%, әңгімелесулер, сұхбаттар -34,5%, ойындар, тренингтер – 10,5%, олимпиадалар, байқаулар - 29,2%, 6,6% - мүлдем өткізілмейді.



Сурет 4 - Мектептерде кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жүргізілетін түрлері

Талқылау

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, кәсіптік бағдар беру жұмысы өз мәнінде жүргізілмейтін мекемелер де бар екеніне көзіміз жетеді. Алынған пікірлерге сүйенсек, көп жағдайда мектептердегі кәсіптік бағдарлаулар ашық есік күндерімен, кәсіптер жәрмеңкелерімен шектеледі. Бұл шаралар, біз білетіндей, жоғары мектеп тарапынан өтетіндіктен, олар көбінесе сол оқу ұйымының жарнамалық ақпаратымен ғана шектеліп қалады. Демек оқушылардың кәсіби қалауы, дербес қабілеті, мүмкіндіктері бойынша кәсіби өзін-өзі анықтауына байланысты жұмыстар басты назарда бола бермейді. Мұндай кәсіптік бағдарлауда олар болашақ мамандықтың тек кәсіптік білім беру ұйымдарының беделі, ұсынылатын жеңілдіктері негізінде таңдау жасалуына әкелуі мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Қорытынды

Осылайша, кейбір оң нәтижелерге қарамастан, қазіргі жағдайда кәсіптік бағдар әлі де өзінің басты мақсатына жете алуда қиындықтарды өткеруде. Қазіргі жағдайда кәсіптік бағдар әлі де өзінің басты мақсатына жете алуда қиындықтарды өткеруде екені белгілі. Бұл қоғамның сұраныстарына сәйкес келетін тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруынан көрінеді. Кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасын тиісті деңгейге көтеру үшін кәсіптік бағдарлау жұмысының мазмұнының өзектілендіруді басты назарға алу қажет. Зерттеу мәселесінің нәтижесі кәсіптік бағдарлау нысандарын, әдістері мен құралдарын заманауи тәсілдерге сәйкес жүзеге асыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Гусева Е. И., Мигович О. И., Тихомирова Л. Ф., Хитрова Г. В. Психолого-педагогическое сопровождение профессионального самоопределения школьников // Ярославский педагогический вестник. - 2017. - №2. – Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologo-pedagogicheskoe-soprovozhdenie-professionalnogo-samoopredeleniya-shkolnikov> [Дата обращения: 21.06.2023]
- [2] Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии //– СПб.: Питер, - 2000. – 720 с
- [3] Абульханова-Славская К.А. Личность как субъект деятельности: хрестоматия // Психологические основы профессиональной деятельности; сост. В.А. Бодров. – М.: Пер Сэ: Логос, 2007. – С. 119-124.
- [4] Щедровицкий П.Г. Очерки по философии образования: статьи и лекции. – М.: Эксперимент, 1993. – 154 с.
- [5] Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – М.: Изд. Центр «Академия», 2005. – 304 с.
- [6] Теплов Б.М. Избранные труды: в 2-х томах. Том 1. - М.: Изд-во Педагогика, 1985. – 328 с
- [7] Мухаметшин А. Г., Любягина О. А. Структурные компоненты профессионального самоопределения школьников // КПЖ. - 2016. - №6 (119). – Режим доступа: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strukturnye-komponenty-professionalnogo-samoopredeleniya-shkolnikov> [Дата обращения: 10.07.2023]
- [8] Климов Е.А. Как выбирать профессию. - М.: Просвещение. - 1990. - 150 с.
- [9] Пряжников Н.С. Школьная профориентация: мечты и реальность // Школьный психолог. - 2003. - №4. - С. 12–13.

- [10] А.В. Петровского, М.Г. Ярошенко. Психология. Словарь / Под общ. Ред. - М.: Политиздат. 1990. - 494 с.
- [11] Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (19.04.2023 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> [Қаралған күні: 17.09.2023]
- [12] Подлеснова Н., Руденко И. Выбирая профессию // Семья и школа. – 2001. – № 11-12. - с.19-21
- [13] Смирнов А., Бартош И., Формула «Хочу-Могу-Надо» в 21 веке. Печатное издание «Кем быть?» Республиканский ежемесячный журнал для школьников, их родителей, педагогов, март 2023. – Режим доступа: <https://www.kem.by/actual/%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D1%83%D0%BB%D0%B0-%D1%85%D0%BE%D1%87%D1%83-%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D1%83-%D0%BD%D0%B0%D0%B4%D0%BE-%D0%B2-21-%D0%B2%D0%B5%D0%BA%D0%B5/> [Дата обращения: 17.09.2023]
- [14] Ткаченко В. В. Формирование профессионального самоопределения учащихся в условиях профориентационной работы // Молодой ученый. - 2012. - № 12 (47). - С. 429-432.
- [15] Кон И.С. Психология ранней юности. М.: Просвещение. 1989. - 254 с

REFERENCES

- [1] Guseva Ye. I., Migovich O. I., Tikhomirova L. F., Khitrova G. V. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye professional'nogo samoopredeleniya shkol'nikov (Psychological and pedagogical support of professional self-determination of schoolchildren) //Yaroslavskiy pedagogicheskiiy vestnik. - 2017. - №2. - Rezhim dostupa: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologo-pedagogicheskoe-soprovozhdenie-professionalnogo-samoopredeleniya-shkolnikov> [data obrashcheniya: 21.06.2023] [in Rus]
- [2] Rubinshteyn S.L. Osnovy obshchey psikhologii (Fundamentals of general psychology) - SPb.: Piter, - 2000. – 720 s [in Rus]
- [3] Abul'khanova-Slavskaya K.A. Lichnost' kak sub"yekt deyatel'nosti: khrestomatiya (Personality as a subject of activity: a reader) //Psikhologicheskkiye osnovy professional'noy deyatel'nosti; sost. V.A. Bodrov. – М.: Per Se: Logos, 2007. – S. 119-124. [in Rus]
- [4] Shchedrovitskiy P.G. Ocherki po filosofii obrazovaniya: stat'i i lektsii (Essays on the philosophy of education: articles and lectures). – М.: Eksperiment, 1993. – 154 s. [in Rus]
- [5] Klimov Ye.A. Psikhologiya professional'nogo samoopredeleniya (Psychology of professional self-determination). – М.: Izd. Tsentr «Akademiya», 2005. – 304 s. [in Rus]
- [6] Teplov B.M. Izbrannyye trudy: v 2-kh tomakh. Tom 1 (Selected works: in 2 volumes. Volume 1). - М.: Izd-vo Pedagogika, 1985. – 328 s [in Rus]
- [7] Mukhametshin A. G., Lyubyagina O. A. Strukturnyye komponenty professional'nogo samoopredeleniya shkol'nikov (Structural components of professional self-determination of schoolchildren) //KPZH. 2016. №6 (119). - Rezhim dostupa: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strukturnye-komponenty-professionalnogo-samoopredeleniya-shkolnikov> [data obrashcheniya: 10.07.2023] [in Rus]
- [8] Klimov Ye.A. Kak vybirat' professiyu (How to choose a profession). - М: Prosveshcheniye. - 1990. - 150 s. [in Rus]
- [9] Pryazhnikov N.S. Shkol'naya proforiyentatsiya: mechty i real'nost' (School career guidance: dreams and reality) //Shkol'nyy psikholog. - 2003. - №4. - S. 12–13. [in Rus]
- [10] A.V. Petrovskogo, M.G. Yaroshenko. Psikhologiya. Slovar' (Psychology. Dictionary) /Pod obshch. Red. - М.: Politizdat. 1990. - 494 s. [in Rus]
- [11] Kazakstan Respublikasynyñ 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319 Zańy (19.04.2023 berilgen özgerister men tolyk tyrularymen) (Law of the Republic of Kazakhstan No. 319 of July 27, 2007 (with amendments and additions issued on April 19, 2023)). – Kіru rezhimі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [Karalğan күні: 17.09.2023] [in Kaz]

[12] Podlesnova N., Rudenko I. Vybiraya professiyu (Choosing a profession) //Sem'ya i shkola. – 2001. – № 11-12. - s.19-21 [in Rus]

[13] Smirnov A., Bartosh I., Formula Khochu-Mogu-Nado» v 21 veke. Pechatnoye izdaniye «Kem byt'?» Respublikanskiy yezhemesyachnyy zhurnal dlya shkol'nikov, ikh roditeley, pedagogov, mart 2023 (Formula Hochu-Mogu-Nado" in the 21st century. Printed edition "Кем быть?" Republican monthly magazine for schoolchildren, their parents, teachers, March 2023). – Rezhim dostupa:

<https://www.kem.by/actual/%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D1%83%D0%BB%D0%B0-%D1%85%D0%BE%D1%87%D1%83-%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D1%83-%D0%BD%D0%B0%D0%B4%D0%BE-%D0%B2-21-%D0%B2%D0%B5%D0%BA%D0%B5/>
[Data obrashcheniya: 17.09.2023] [in Rus]

[14] Tkachenko V. V. Formirovaniye professional'nogo samoopredeleniya uchashchikhsya v usloviyakh proforiyentatsionnoy raboty (Formation of professional self-determination of students in the conditions of professional orientation work) //Molodoy uchenyy. - 2012. - № 12 (47). - S. 429-432. [in Rus]

[15] Kon I.S. Psikhologiya ranney yunosti (Early childhood psychology). - M.: Prosveshcheniye. 1989. – 254 s. [in Rus]

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ

*Нуркенова Г.К.¹, Гелишли Ю.², Мамерханова Ж.М.³

¹докторант, Карагандинский университет им. Е. А. Букетова, Караганда,
Казахстан

e-mail: gulnur24.10.84@mail.ru

²PhD, профессор, Университет Гази, Анкара, Турция

³п.ф.к., доцент, академия «Bolashaq», Караганда, Казахстан

e-mail: mamerhanova@mail.ru

Аннотация. В статье изучена проблема формирования профессионального самоопределения учащихся в условиях профориентационной работы в связи с повышением требований к уровню современной профессиональной подготовки. Целью исследования является научно теоретическое и методическое обоснование формирования профессионального самоопределения учащихся в условиях профориентационной работы. В статье уточнено значение понятий профориентация, профессиональное самоопределение учащихся. Научно-практическая значимость работы заключается в актуализации содержания работы по формированию профессионального самоопределения учащихся в условиях профориентационной работы и эффективном использовании возможностей современных технологий.

Проведен научно-теоретический анализ работ отечественных и зарубежных ученых, рассматривавших проблему формирования профессионального самоопределения учащихся в условиях профориентационной работы. С целью определения отношения старшеклассников к современному состоянию и способам осуществления профориентационной работы был проведен опрос и проведен анализ его результатов. По результатам общего контроля, экспертизы проблемы ясно, что в современных условиях профориентационная работа по-прежнему испытывает трудности в достижении своей главной цели. Опираясь на полученные результаты исследования, авторы выдвигают проблему совершенствования содержания профориентационной работы. Это проявляется в формировании профессионального самоопределения личности, соответствующего запросам общества. Для повышения качества профориентационной работы на должный уровень необходимо принять во внимание

актуализацию содержания профориентационной работы. Результатом проблемы исследования является реализация форм, методов и средств профориентации в соответствии с современными подходами.

Ключевые слова: профориентация, школьники, самоопределение, профессиональное самоопределение, формирование профессионального самоопределения, компоненты, способности, возможности

FORMATION OF PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF STUDENTS IN THE CONDITIONS OF CAREER GUIDANCE

*Nurkenova G.K.¹, Y.Gelishli², Mamerkhanova Zh.M.³

*¹doctoral student, E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

e-mail: gulnur24.10.84@mail.ru

²PhD, professor, Gazi University, Ankara, Turkey

³c.p.s., ass. professor, «Bolashaq» Academy, Karaganda, Kazakhstan
e-mail: mamerhanova@mail.ru

Abstract. The article examines the problem of the formation of professional self-determination of students in the context of Career Guidance work in connection with the increasing requirements for the level of modern professional training. The purpose of the study is a scientific theoretical and methodological justification of the formation of professional self-determination of students in the conditions of Career Guidance work. The article clarifies the essence of the concepts of career guidance, professional self-determination of students. The scientific and practical significance of the work is the problem of updating the content of work on the formation of professional self-determination of students in the context of Career Guidance work and the effective use of the capabilities of modern technologies.

A scientific theoretical analysis of the works of domestic and foreign scientists who considered the problem of the formation of professional self-determination of students in the context of Career Guidance work is carried out. In order to determine the views of high school students on the current state and approaches to the implementation of Career Guidance work, a questionnaire is taken and an analysis of its results is given. According to the results of the general control and examination of the issue, it is obvious that in modern conditions, career guidance work is still experiencing difficulties in achieving its main goal. Based on the results obtained in the study, the authors put forward the problem of improving the content of Career Guidance work. This is manifested in the formation of professional self-determination of the individual, which meets the demands of society. To improve the quality of Career Guidance work to the appropriate level, it is necessary to focus on updating the content of Career Guidance work. The result of the research problem is the implementation of forms, methods and means of professional orientation in accordance with modern approaches.

Key words: career guidance, schoolchildren, self-determination, professional self-determination, formation of professional self-determination, components, abilities, opportunities

Статья поступила 13.10.2023